

МРНТИ 13.11.28

**Әділет Жақиянов<sup>1</sup>***<sup>1</sup>Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы  
Алматы, Қазақстан***ЗАМАНАУИ БАЯН ӨНЕРІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ****Аннотация**

Қазақтың музыка өнерінде ерекше орны бар, әртүрлі мүмкіншіліктердің молдығымен ерекшеленетін, әлемге әйгілі музыкалық аспаптардың бірі – баян. Баян аспабының пайда болу тарихы ертеден бастау алғанымен (шэн, орган, гармоника), қарқынды даму жолында көптеген жаңашылдықтар, түрлі конструкциялық шешімдер енгізіліп, дыбыстық, техникалық мүмкіншіліктер жағынан жетілген бұл аспаптың қазіргі келбетінде пайдаланылып жүргеніне аз ғана уақыт болды. Қазақстанда кәсіби баян мектебінің ашылуымен бұл аспапқа сұраныс та, қойылатын талаптар да артты. Осыған орай көптеген өнер майталмандары баян репертуарын байытуға өздерінің үлестерін қосты. Қазақтың домбыра, қобыз күйлері баян аспабында орындала бастады. Сонымен қатар, баянға арналған қазақстандық композиторлардың шығармалары да жарық көруде. Аталған күйлер мен шығармаларды отандық баяншылардың Халықаралық байқауларда орындауы, қазақ баян өнерінің әлемдік деңгейге көтерілуіне септігін тигізгені сөзсіз. Десе де, осы жолда айтарлықтай тер төгіп, еңбек сіңірген тұлғалар жайлы, олардың шығармалары мен шығармашылығы туралы мәліметтердің жетіспеушілігі, және Қазақстан баян өнерінің келешектегі әлемдік деңгейде одан әрі дамуы тұрғысында атқарылатын жұмыстар – осы мақала тақырыбының өзектілігін айқындап, жан-жақты зерттелуін қажет етеді.

**Түйінді сөздер:** сырнай, баян, Қазақстан.**Адилет Жаниянов<sup>1</sup>***<sup>1</sup>Казахская национальная консерватория им. Курмангазы  
Алматы, Казахстан***ТЕМПЫ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО ИСКУССТВА БАЯНА В КАЗАХСТАНЕ****Аннотация**

Одним из темброво богатых, конструкционно усовершенствованных музыкальных инструментов, признанным во всем мире, и занявшим значимое место в казахстанской культуре является баян. Баян претерпел множество конструктивных изменений и новаторских решений за всю свою историю (шэн, орган, гармоника). И хотя история появления этого замечательного музыкального инструмента берет начало с ранних времен, в нынешнем (пятирядном, многотембровом, готово-выборном) виде баян существует всего несколько десятилетий. Поэтому баян считается относительно молодым инструментом в мире. С появлением в Казахстане профессионального баянного образования, растут как исполнительские, так и репертуарные требования. В связи с этим активно развивается сфера баяна в творчестве отечественных исполнителей и композиторов, как в виде аранжировок казахских кюев, так и авторских произведений, написанных для баяна. Казахстанское баянное искусство выходит на мировой уровень, исполнением данных кюев и произведений отечественными баянистами на международных конкурсах. Несмотря на это, нехватка материалов о личностях, неустанно трудившихся на пути становления казахстанского баянного искусства, об их творчестве и произведениях, и вопросы дальнейшего развития данной отрасли музыки определяет актуальность данной темы статьи, и требует всестороннего исследования.

**Ключевые слова:** баян, аккордеон, сырнай, казахстанское исполнительское искусство,

**Adilet Zhakiyanov<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>*Kurmangazy Kazakh National Conservatory  
Almaty, Kazakhstan*

## THE PACE OF DEVELOPMENT OF THE MODERN ART OF BAYAN IN KAZAKHSTAN

### *Abstract*

The button-accordion is one of the rich timbrally, structurally improved musical instruments recognized all over the world and taking a significant place in the Kazakhstan's culture. This music instrument has undergone many constructive changes and innovative solutions throughout its history (sheng, organ, harmonica). And although the history of the appearance of this wonderful musical instrument dates back to early times, in its current (five-row, multi-timbral, ready-elective) form, the button-accordion has existed for only a few decades. Therefore, the button-accordion is considered a relatively young instrument in the world. With the advent of professional button-accordion's education in Kazakhstan, both performing and repertoire requirements are growing. In this regard, the sphere of the button accordion is actively developing in the work of domestic performers and composers, both in the form of arrangements of Kazakh kuis and author's works written for the button-accordion. The Kazakh button-accordion's art goes to the world level, the performance of these kuis and works by domestic accordion players at international competitions. Despite this, the lack of materials about the individuals who worked tirelessly on the path of the formation of the Kazakh accordion art, about their creativity and works, and the issues of the further development of this branch of music determines the relevance of this topic of the article, and requires a comprehensive study.

**Keywords:** button-accordion, accordion

Ғасырлар сабақтастығын үзбей көркем құрал ретінде халқымыздың ой-өрісін, дүниетанымын, салт-дәстүрін сипаттап, ұлтымыздың музыкалық мұрасымен бірге дамып келе жатқан аспап – баян аспабы. Баян туралы сөз қозғағанда алдымен бүкіл Еуропа елдері (Ресеймен бірге) аталады. Баян аспабы еліміздің рухани қазынасынан өзінің мәңгілік орнын алған. Орындаушылық және композиторлық дәстүрдің аясында қалыптасқан баян өнерінің функционалдық мәселелері қазіргі музыкатанушыларды да қызықтыруда. Оған себеп – рухани байлығымыздың жан-жақтылығы мен байырғы тұрақтылығы. Қазіргі кезеңде халықтың және кәсіби музыканттардың арасында баянда орындаушылық ерекшеліктерінің сақталуы, бұл аспаптың өмір ағымының өзгерістеріне бейімділігінің арқасы ретінде бағаланады.

Көнеде Дешті Қыпшақ атанған қазақ жеріндегі халқымыз көшпенді мал шаруашылығымен айналысқаны баршамызға мәлім. Сондағы көшпенді халықтың мәдениетімен қатар, еліміздің оңтүстігінде орналасқан көне қалалар маңында отырықшылық өркениеті де дами түсті. Атап айтқанда Отырар, Сығанақ, Шаш (қазіргі Ташкент), Тараз, Баласағұн, Созақ, Яссы (қазіргі Түркістан) және т.б. Осы отырықшылық-жер шаруашылығымен айналысып отырған халық пен көшпелі халық арасындағы қарым-қатынастың, өзара байланыстың арқасында Орта Азия мен Қазақстанның тарихи дамуы барысындағы маңызды ерекшеліктердің бірі – музыка өнерінің даму жолы. Сондықтан сол аймақты мекендеген барлық ұлт өкілдерінде, соның ішінде қазақтарда, өзбек, түркімен, қырғыздар мен тәжіктерде музыкалық аспаптардың бір-біріне ұқсас болып келуі кездеседі. Мұндай аспаптық дәстүрдің ұқсастықтары бір-біріне кедергі келтірмейді, керісінше, көптеген өзге де мәдениеттермен кеңінен байланысу үшін негіз бола алады. Өзге елден Қазақстанға жеткен аспаптардың бірі, әлемдік классиканың үздік үлгісі – гармоника аспабы болды. Гармоника аспабы түрлі мәдениеттерді байланыстырушы, негізгі аспаптардың біріне айналды. Гармониканың көмегімен қазақ арасына орыс, украин, татар халық әндері мен билері де енді. Нәтижесінде, гармоника аспабы түрлі ұлттық мәдениеттер арасындағы коммуникативтік байланысты қамтамасыз етуші құрал болды.

Гармониканың туған жылы 1822 жыл деп айтуға болады. Осы қол гармоникасын ойлап тапқан неміс шебері Фридрих Бушман (1805-1864) болды. Оны ары қарай жетілдірген австриялық шебер Кирилл Демиан (1772-1849) [1, 3]. 1870 жылы орыс гармоншысы Николай Иванович Белобородов (1828-1912) гармон жасаушы шебер Леонтий Алексеевич Чулковтың (1846-1918) көмегімен хроматикалық екі қатарлы гармон жасады. Аспаптың дамуына

айтарлықтай үлес қосқан петерборлық шебер Петр Егорович Стерлигов (1872-1959) болды. Ол гармоншы Яков Федорович Орланский-Титаренконың (1877-1941) сұрауымен аспап жасап, орыстың атақты жыршысы Боянның құрметіне «баян» деп атады [2, 5].

Гармоника Ресей капиталының қазақ даласына келуі арқылы және шығыстың жәрмеңке-саудасына енуі, қазақ ақсүйектерінің арасында татар гармоникасының пайда болуы мен қазақ даласына ресей, украин шаруаларының жаппай қоныстануының арқасында біздің елге тараған. Қазақ даласында бұл аспапты «қағаз сырнай» немесе «көрік сырнай» деп атап кеткен. Қағаз сырнай деген бұл сол жақ қатары бірінде бар, бірінде жоқ, оң жағында екі-ақ қатары бар шағын аспап. Неге қағаз сырнай дейміз, өйткені ортасындағы көрігі(мех) қағаздан жасалған. Ал, сонда сырнай сөзінің төркіні қайда жатыр деген сұрақ туындайды. «Сырнай» сөзі «сыр» және «най» деген екі буыннан тұр «сыр» деген сырласу, сыр ақтару деген мағынаны берсе, «най» деген түтік затты атаған. Іштегі сырды шығару деген мағынаны білдіреді. Және тағы бір мағынасы үрмелі саз-сырнай аспабының дауысы осы гармон аспабына ұқсас болғандықтан да «сырнай» аталған. Тарихи деректерге сүйенсек сырнайды қазақ даласына алғаш рет татар саудагерлері алып келген деседі. Татар халқына славяндармен іргелес жатқан орыс халықтарынан келген. Қазақ елі бұл аспапты ешқандай жатсынбай, өз төл аспабы ретінде қабылдады. Халық оның сүйемелдеуімен сүйсіне қосылып ән шырқаған. Халықтан шыққан, бірнеше аспаптарда ойнай білетін әнші-ақындар ең алдымен сырнай аспабын меңгеретін болған. Сол кездегі замандастарының айтуынша, қазақтың ұлы әнші-композиторлары Балуан Шолақ (Нұрмағамбет Баймырзақұлы 1864-1919), Кенен Әзірбаев (1884-1976), Әміре Қашаубаев (1888-1934), Иса Байзақов (1900-1946) және басқалар сырнайда шебер ойнаған.

Баянның Қазақстан мәдениетіне ену процесі XIX ғасырдың екінші жартысында басталды. Деректерге сүйенсек, бұл аспап ұзақ уақыттан бері қазақтың музыкалық кеңістігіне органикалық түрде «интеграцияланған», оны өз алдына қазақ халқының ұлттық менталитетінің ерекшелігі және әр түрлі сыртқы әсерлерге ашық және өзіндік көпұлтты мәдениетке бейімделуі ретінде қарастыруға болады. Қазақстанда бұл аспап «сырнай» деп аталды, және оның республикамыздың аумағында таралу тарихы да XIX ғасырдың екінші жартысымен байланысты. Дәл сол кезде Қазақстан мен Ресей халықтарының ғасырлар бойы қалыптасқан этномәдени және сауда қатынастарының арқасында скрипка, гитара, ерін және бір қатарлы гармоникалар қазақ даласына ене бастады. Қазақ халқының гармоникаға деген үлкен қызығушылығының көрінісі туралы мәліметтер ұлы ғалым Шоқан Уәлихановтың 1850 жылғы еңбектерінде жазылған. «Сырнай» Қазақстан аумағында кең таралғандықтан, қазақтың әнші, жыршы, термешілердің шығармаларында кеңінен қолданылған. Олардың ішінде XIX-XX ғасырдың есімдері танымал музыканттары – Жаяу Мұса Байжанов (1835-1929), Балуан Шолақ (Нұрмағамбет Баймырзақұлы 1864-1919), Шашубай Қошқарбаев (1867-1952), Әсет Найманбаев (1867-1922), Естай Беркімбаев (1874-1946), Кенен Әзірбаев (1884-1976), Әміре Қашаубаев (1888-1934), Нартай Бекежанов (1890-1955), Майра Шамсутдинова (1896-1929), Иса Байзақов (1900-1946) т.б. Гармониканың халық арасында тез таралуының себебі, бұл құралды көшпелі өмір салтында қолдану ыңғайлылығы – тасымалдану, температураның өзгеруіне тұрақтылық, қол жетімді бағалар, бұл құралдың жаппай өндірісі және техникалық дамудың жеңілдігі болды. Біздің ойымызша, оның сипаттамалары жағынан қазақтардың этникалық тембріне ұқсас оның бай, қанық дыбысы Қазақстанда гармониканың шоғырлануының ерекше факторына айналды [3,6].

Кейінірек, XX ғасырдың басында, бұрынғы КСРО аумағында, оның ішінде Қазақстанда баян деп аталатын гармониканың техникалық жетілдірілген түрі пайда болды. Қысқа уақыт ішінде баян кеңінен таралды, бұл әуесқой орындаушылардың белсенді концерттік іс-әрекетіне ықпал етті. Қазіргі уақытта Қазақстанда баян әлі күнге дейін «халықтық» аспаптар тобына жатады. Бұл өте дәлелді, өйткені өткен ғасырдың 30-жылдарында қазақ халық аспаптар оркестрі құрылғаннан бастап, оған міндетті құрал ретінде баян қосылды. Қазіргі заманғы барлық фольклорлық-этнографиялық ұжымның құрамында баян аспабының болуы да тән құбылыс.

Қазақстанда баян аспабын кәсіби түрде меңгеру 1940 жылы Константин Кириллович Ошлаковтың (1916-1987) Алматыға, Қазрадиокомитеттің шақыртуы бойынша келуінен бастау алады. 1941 жылы П.И. Чайковский атындағы Алматы музыка училищесінде баян класын ашқан Ошлаков К.К еді. Ал Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік консерваториясында 1957 жылы баян класын ашқан Федор Васильевич Легкунец (1934-1972) болатын. Сондай-ақ оның шәкірті, Қазақстандағы баян мектебінің дамуына өзінің өлшенбес үлесін қосқан Валентин Степанович Басаргинді (1925) де айта кетуіміз керек. Осылайша Қазақстанда баян мектебі қалыптасып, кәсіби баяншы мамандар тәрбиелене бастады.

Баян аспабы өз кезегінде қарқынды даму барысында үш қатарлыдан бес қатарлы болып, бір дауыстыдан төрт дауысты болып тембрлік және орындаушылық мүмкіндіктері ұлғайды. «Баян жаңа белестерге жетіп, концерттік эстрададан көріне бастайды. Осыған байланысты баянның репертуары да кеңі түседі» [4, 70]. Дарынды баяншылардың болуы орындаушылық шеберліктің, репертуардың одан әрі кеңеюі мен дамуына және отандық орындаушылардың әлемдік деңгейге шығуына ықпал етті. Жаңартылған баянда өнерлерін Халықаралық деңгейде көрсеткен А.М.Гайсин, Д.Султанов, А.Ефременко т.б.

Ал жаңартылған баян аспабының оркестрдегі орны мен болмысы, баянда орындаушылардың өмірбаяны мен творчестволық жолдары, шеберлік қырлары туралы еңбектер бар болғанымен (Гайсин А.М. [5], Туякбаев [6], Смакова [7], [8], [9]) ондағы мәліметтер жаңаша көзқарас тұрғысында жеткіліксіз. Конструктивті жетілген аспапты дәріптеу жолдары, қазақстандық композиторлардың баянға арналған шығармаларын насихаттау, ол шығармаларды өз дәрежесінде орындау – осы тақырыптың өзектілігін көрсетеді. Қазақстандағы көрнекті баяншылардың өнері туралы ғылыми ізденістер жүргізу, оларға тұжырымдар жасау – музыкатанудағы іргелі жұмыстардың бастамасы болып табылады.

Қазақтың музыкалық шығармаларының ішіндегі ең ірі жанры, композициялық құрылымы жағынан халық музыкасының күрделі бір саласы – күй өнері. Күйлердің мазмұны халықтың басынан кешірген қасірет-тауқыметі мен әділетсіздікке қарсы күресіне, азат өмірді аңсаған асыл арманы мен қуанышына негізделген терең толғаныспен өрнек-бояуын тауып отырады. Күйлерде (тарихи, әлеуметтік, лирикалық) қазақ халқының басынан кешірген тарихи оқиғалары, туып өскен жердің табиғаты, күнделікті тұрмыс-тіршіліктің түрлі жақтары, қоғамдық өмір құбылыстары және өнерге деген көзқарасы бейнеленеді. Соңғы жылдары күйлерді баянға лайықтап, өңдеп үлкен музыкалық туындылар жазып жүрген К. Ошлаковтың, Ф. Легкунецтің, В. Басаргиннің, В. Холопайненнің, Н. Николаидидің, А. Илюхиннің, Д. Гусинцовтың, М. Қонысбаевтың, С. Сейтхановтың, О. Абдуллаевтың, Д. Тұякбаевтың, А. Гайсиннің, З. Смақованың, В. Демченконың, Б. Раеваның, М. Балтабаевтың т.б. еңбектерін атауға болады. Қазіргі кезде қазақ музыкасын баянға арнап лайықтап, өңделген шығармалар жинақтары еліміздің көптеген баспаларынан басылып шығып, оқу орындарына, аспапта орындаушыларға таралуда.

Күйлерді баянға лайықтап, өңдеулер оқу орындарының жоспарына және орындаушылардың репертуарларына енгенімен, әр күйдің өзіндік дыбыс құрылымын, мазмұнын, домбырада орындаушылық ерекшеліктерін баянда орындағанда ескеріп барып лайықтап өңдеудің маңызы зор. Себебі көп күйлер тек домбырада жеке орындағанда ғана өз тақырыбын, мазмұнын аша түседі. Д. Тұякбаев пен З. Смақованың «Пособие по аранжировке казахских кюев для баяна» (Алматы, 1999) [3] оқулығында осы тақырыпқа толық түсінік беріледі. Бұл жинақ арқылы авторлар болашақта жас музыка мамандары, баянда орындаушылар қазақ музыкасының, күйлерінің, әндерінің тақырыбында үлкен музыкалық шығармалар, әдемі өңдеулер жазып, баян аспабының, елімізде өркендеуіне және баян аспабының орындаушылық әдістеріне, ұлттық музыканы баянға аранжировкалау жолында үлкен табыстарға жететіндеріне сенімдерін білдіреді. Қазіргі кезде баянға арналып өңделген, лайықталған қазақ музыкасы балалар музыка мектептерінің оқытушыларына, арнайы орта және жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған жинақтар, хрестоматиялар, оқулықтар жарық көруде.

Оқушылардың қазақ музыкасын баянға арнап өңдеу және лайықтап жазу кезеңін 4 кезеңге бөлеміз:

1. Музыкалық шығармаларды талдау;
2. Оқушылардың өз беттерімен қазақ музыкасын өңдеулері және лайықтап жазулары;
3. Музыкалық шығарманың түпнұсқасын сақтау, салыстыру;
4. Өңделген және лайықтап жазылған қазақ музыкасын сахнада, көпшілік алдында орындау.

Музыкалық шығармаларды басқа музыкалық аспаптардан баянға лайықтап жазғанда сол орындалатын музыкалық шығармалардың түпнұсқасын, негізгі әуенін бұзбай, өзгертпей жеткізу орындаушылардан үлкен шеберлікті талап етеді. Мысалы: Фортепианоға арналып жазылған қазақ әндеріндегі, күйлеріндегі, әуендеріндегі кварта-квинталық сүйемелдеу аккордтары баянда орындалғанда домбыраның, екі дауысты фактурасына жақындай түседі. Бұл жерде баянның сол жақтағы дайын аккордтарын пайдалану қазақ музыкасының ұлттық ладтық құрылымын және ұлттық колоритті бұзып жіберуі мүмкін. Сол себепті, қазақ музыкасын баянға лайықтап жазғанда баянның сол жақ партиясын өте мұқият үйлестіру керек. Оқытушылар сол қолдағы арпеджиолардың, аккордтардың оқушының орындауына ыңғайлы болуларын қадағалап, саусақтарын (аппликатура) қойып отырулары керек. Осы әдістер қазақ музыкасын баянға лайықтап жазудың 2 түрлі қағидасын талап етеді:

- терулі (выбор) баянның сол жағымен орындау музыкалық шығарманың түпнұсқасын, әуенін, гармониясын бұзбау;
- баянға арналып лайықталған қазақ музыкасы оқушыға, тыңдаушыға жағымды естілетіндей әуенді, сазды болуы;

Осы әдістер жеңіл қазақ музыкасын баянға лайықтап жазудың, өңдеудің негізгі қағидалары болады. Қазақ елі өркениетті елдер қатарына қосылып, жаңаша дамыған кезеңде білімді, ұйымдастыру қабілеті бар, ой-өрісі жан-жақты дамыған мамандар әзірлеу ұстаздардың басты міндеті. Олар шәкірттерін эстетикалық бағытта тәрбиелеп, олардың Отанға, туған жеріне деген талғамдарын арттыра түседі. Баян аспабында орындаушылық және оқыту кезеңінде оқушылардың жоспарлы, жүйелі өсуіне өте мән беру керек. Жас маман өздерінің кәсіби шеберліктерін оқу орындарының талап-тілектеріне сай жетілдіру жолында білімдерін, орындаушылық шеберліктерін ұштай түсу үшін, ұстаздың оқушымен жеке жұмысының маңызы зор. Осы көрсетілген орындаушылық әдістер, оқушылардың мінез-құлқын терең зерттеу, дұрыс, жоспарлы сабақ өткізу, өз беттерімен әзірліктерін ұйымдастыру, болашақта шәкіртінің саналы, жақсы маман болып шығып, оқу орынын бітірген соң олар өз шәкірттерін дұрыс бағытта дайындайтынына ұстаздық сенімі мол болуы шарт.

Түрлі байқауларда орындалып жүрген өңдеулердің ішінен В. Басаргиннің өңдеуіндегі Е. Брусиловскийдің «Қос алқа», «Шашу», В. Холопайненнің өңдеуіндегі Х. Тастановтың «Би», О. Абдуллаевтың транскрипциясындағы К. Күмісбековтың «Концерттік вальс», сондай-ақ А. Гайсин, Д. Тұяқбаев, З. Смақова, т.б. көптеген туындыларын айта кетуге болады. ҚР еңбек сіңірген әртісі, профессор А.М. Гайсиннің өңдеуіндегі Ықыластың «Ерден», Құрманғазының «Адай», «Балбрауын», Дәулеткерейдің «Түркмен күй», Н.Тілендиевтің «Аққу» күйлері жоғары орындаушылық шеберлікті талап ететін көркем туындылар болып табылады. Бұл шығармаларда А.Гайсин көріктің (мех) дыбыс шығарудағы түрлі техникалық-күрделі әдістерін қолдану арқылы қазақтың домбыра, қобыз аспаптарының дыбыс ерекшеліктерімен бірге, ұлттық колоритті де жоғалтқан жоқ.

Баянға арналып жазылған авторлық шығармалар жазған қазақстандық композиторлардан: К.К. Ошлаков, В.Т. Заводчиков, Н.И. Николаиди, А.Н. Кононов, В.А. Стригоцкий-Пак, В.П. Демченко, А. Илюхин, С.Қ. Әбдінұров т.б. есімдерін атағанымыз жөн. Сонымен қатар, баяндық репертуардың кеңеюіне ҚР оқу ісінің үздігі, композиторлар одағының мүшесі, В.П. Демченконың да қосқан үлесі орасан зор. Абайдың «Көзімнің қарасы» әніне поэма-фантазиясы, «Девчата», «Старый клен» кинофильмдерінің музыкасына жазылған фантазиясы, қазақтың «Жайдарман» әніне импровизациясы т.б. көптеген орындаушылардың репертуарына концерттік-көркем шығарма болып енген.

Қазақстандағы баян музыкасына 2000-жылдардан бері баса назар аударар болсақ, бұл сала заманауи музыкалық практикада аса маңызды орын ала отырып, өз шекараларын бірте-бірте кеңейткенін көрсетті. Баян қазақ халық музыка өнерінің ортасында берік орын алып, соло, ансамбльдік және оркестрлік концерттік-орындаушылық, педогогикалық және композиторлық практикада маңызды рөл атқарады. Сондықтан, қазақстандық кәсіби композиторлардың баянға назар аударғаны және осы бай аспаптың мәнерлі мүмкіндіктері бойынша бірегей туындылар жасай бастағаны заңды. Композитор С. Әбдінұров баянға арналған көптеген жарқын және терең мағыналы шығармалардың авторы бола отырып, отандық академиялық баян музыкасының бастауында тұрған музыканттар қатарына кіреді. 2000 жылдан бастап 2006 жылға дейінгі салыстырмалы қысқа мерзім ішінде орындаушы және редактор А. Ефременкомен тығыз ынтымақтастықта болып, композитор қазіргі заманғы бай отандық баян репертуарын қалыптастырудағы маңызды үлес ретінде түрлі жанрдағы баян шығармаларының бірқатар жарқын үлгілерін жасады. Оның баян шығармашылығы тарихи-мәдени байланыстарға ие. Авторлық көркем ойдың жүзеге асырылуы баянның техникалық және тембрлік мүмкіндіктерін жетілдіру жағдайында мүмкін болды. Сонымен қатар, композитор баян репертуарды қалыптастыру мен жетілдірудің қазақстандық дәстүрлерін дамытады. Баян үшін бірегей туындылар жасай отырып, ол бірнеше онжылдықтар бойы отандық баян репертуарын құру бойынша қазақстандық кәсіби орындаушылармен жүргізілетін кешенді жұмысты тереңдетіп, қисынды аяқтауға дейін жеткізді. С. Әбдінұров баянның шығармашылық әлеуетін композитор ретінде ашып, баянға терең және күрделі мазмұнды жеткізе алатын, өткен және қазіргі бейнелерді іске асыруға қабілетті адемиялық музыкалық аспап ретінде назар аударды. Автордың баян шығармашылығының эволюциясы ең алдымен тұжырымдамаларды тереңдете және шығармалар ауқымын арттыруда көрініс тапты. Шағын жеке пьесаларда сәтті тәжірибелерді жүзеге асыра отырып, композитор одан кейін ансамбльдік, циклдік шығармалардың кең таралуын жасауға үндеді, осы желіні баян мен симфониялық оркестрге арналған концертпен жалғастырды. Бірақ әрбір шығарма, миниатюра немесе ауқымды кенеп болсын, ауқымды тарихи трактат ретінде, оның авторы музыка тілінің көмегімен өз ойын білдіретін ойшыл ретінде қабылданды.

Қазақстанның баян өнеріне екінші мыңжылдықтың басынан бері баса назар аударатын болсақ, бұл шығармашылық сала заманауи музыкалық практикада аса маңызды орын ала отырып, өз шекараларын бірте-бірте кеңейтетінін көрсетеді. Баян осыдан бір жарым ғасыр бұрын қазақ халық музыка өнерінің ортасында берік орын алып, осы уақытқа дейін жеке концерттік (соло), ансамбльдік және оркестрлік орындаушылық, педогогикалық және композиторлық практикада маңызды рөл атқарады. Сондықтан, қазақстандық - кәсіби композиторлардың баянға назар аударғаны және осы бай аспаптың мәнерлі мүмкіндіктері бойынша бірегей туындылар жасай бастағаны заңды. Бұл дегеніміз, қазақстандық композиторлар тарапынан баянға деген қызығушылықтарының артуынан, шығармашылық шешімдерінің ынталандырылуынан туындайды. Бұл жағдай, өз кезегінде, баян музыкасын зерттеуге бағытталған қазақстандық зерттеушілердің жұмыстарын жандандыру үшін түрткі болуы тиіс. Сонымен қатар, қазіргі кезде аспаптың ерекшелігін ескеретін және көрсететін, баян шығармаларын талдаудың әмбебап әдістемесі әлі қалыптаспаған. Осылайша, баянның дыбыс бейнесінің кеңеюіне қарай баян аспабының Қазақстан музыкалық өнеріндегі алатын орны, қазіргі қарқынды дамуы, оны жоғары деңгейде дәріптеу, насихаттаумен байланысты өзекті мәселелер шеңбері артады, ғылыми проблема тереңдейді, бұл осы бағытта одан әрі зерттеулер жүргізу қажеттілігін көрсетеді.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. *Мұстафин Б., Смақова З* Сырнай-баян үйренудің бастапқы курсы – Алматы, 2003.
2. *Мұстафин Б., Мұстафина Т., Алыбаев Т., Смақова З.* Сырнай уйрену мектебі – Алматы, 2004.
3. *Туяқбаев Д., Смақова З.* Пособие по аранжировке казахских кюев для баяна – Алматы, 1999.
4. *Смақова З., Камалиденов Е., Дүйсенғалиев Ф., Мерғалиев Д.* Қазақстанда баян аспабының таралуы және орындаушылық өнер тарихы. – Алматы, 2018.

5. *Гайсин, А. М.* Программа курса истории исполнительства на баяне: Научно-методическая работа - Алма-Ата, 1984.
6. *Туякбаев, Д., Гайсин А.* Прогрессивная школа игры на баяне - Алма-Ата, 1988.
7. *Смакова, З.Н.* Развитие казахстанской баянной школы // Музыкальное образование - культура - искусство Казахстана XXI века: сб. статей, посвящ. 65-летию юбилею КНК им. Курмангазы.- Алматы, 2012.
8. *Смақова З., Камалиденов Е., Дүйсенғалиев Ф., Мерғалиев Д.* Қазақстанда баян аспабының таралуы және орындаушылық өнер тарихы. – Алматы, 2018.
9. *Смақова З.Н., Спатаев Ж., Мирманов Н.* Сырлы сырнай мұрасы (оқу құралы) – Алматы, 2021.
10. *Әбдінұров, С.* "Бозіген" Баянға арналған шығармалар (А.Ефременконың редакциясы). - Алматы, 2005.
11. *Әбдінұров, С.* "Орда басы" Баянға арналған шығармалар (А.Ефременконың редакциясы). - Алматы, 2007.

#### *References (transliterated)*

1. *Mystafin B., Смақова Z* Syrnaj-baayn ujnenuđın bastapky kursy – Almaty, 2003.
2. *Mystafin B., Mystafina T., Alybaev T., Смақова Z.* Syrnaj ujrenu mektebi – Almaty, 2004.
3. *Tuakbaev D., Смакова Z.* Posobie po aranzirovke kazahskih kuev dla bayna – Almaty, 1999.
4. *Смақова Z., Kamalidenov E., Dujsengaliev G., Merǵaliev D.* Қазақстанда баан аспабының таралуы және орындаушылық өнер тарихы. – Almaty, 2018.
5. *Gajsin, A. M.* Programma kursa istorii ispolnitel'stva na bayne: Naucno-metodiceskaa rabota - Alma-Ata, 1984.
6. *Tuakbaev, D., Gajsin A.* Progressivnaâ škola igry na baâne - Alma-Ata, 1988.
7. *Смакова, Z.N.* Razvitie kazahstanskoj baânnoj školy // Muzykal'noe obrazovanie - kul'tura - iskusstvo Kazahstana XXI veka: sb. statej, posvâš. 65-letnemu ûbileû KНК im. Kurmangazy. Almaty, 2012.
8. *Смақова Z., Kamalidenov E., Dujsengaliev G., Merǵaliev D.* Қазақстанда баян аспабының таралуы және орындаушылық өнер тарихы. – Almaty, 2018.
9. *Смақова Z.N., Spataev Z., Mirmanov N.* Сырлы сырнай мұрасы (оқу құралы) – Almaty, 2021.
10. *Abdînұrov, S.* "Bozigen" Bayanǵa arnalǵan ŧyǵarmalar (A.Efremenkonyn redaksiyas). – Almaty, 2005.
11. *Abdînұrov, S.* "Orda basy" Baânǵa arnalǵan ŧyǵarmalar (A.Efremenkonyn redaksiâsy). – Almaty, 2007.

#### **Автор туралы мәлімет**

**Жақиянов Әділет Ихсанұлы** – Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының магистранты. Ғылыми жетекші: Сарымсакова Алмагуль Сессияевна – өнертану кандидаты (PhD), доцент

#### **Сведения об авторе:**

**Жақиянов Адилет Ихсанович** – магистрант Казахской Национальной консерватории имени Курмангазы. Научный руководитель: Сарымсакова Алмагуль Сессияевна – кандидат искусствоведения (PhD), доцент

#### **Information about the author:**

**Zhakiyanov Adilet** – Master's student of Kazakh National Conservatory. Scientific director: Sarymsakova Almagul Sessiyaevna – PhD in Art History, Associate Professor